

№14/ __Профилактикалық бақылау нәтижелері туралы акті

Арыс қаласы
Актіні толтыру орны

17.03.2023 жыл
Уақыты

Бақылау және қадағалау органының атауы: "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының төтенше жағдайлар департаменті Арыс ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

1. Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің номері мен күні: №2361161003000012/00015 03.03.2023 жылы

2. Тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы: Арыс ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты С. Оспан

3. Тексеру жүргізу кезінде қатысқан тексеру субъектісінің атауы, жеке және заңды тұлғаның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және оның лауазымы: Арыс қаласының адами әлеуметті дамыту бөлімінің "И. Жұрба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

4. Тексерудің күні, орны мен кезеңі: 03.03.2023 – 20.03.2023

5. Тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер (қысқаша фабула): Бұзушылықтар анықталды

6. Тексеру парағаның атауы және бұзушылықтар анықталған талаптардың тармақтары:

№	Анықталған бұзушылықтар тізілімі	Бұзушылықтар анықталған тексеру парағы талаптарының тармақтары және атаулары
1.	Мектеп директорымен өртке қарсы режимді белгілейтін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық бекітілмеген. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-5</i>	П. 2 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
2.	Мектеп директоры және орынбасарлары өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқудан, өртке қарсы нұсқаулықтан өтпеген. Тексеріс барысында дәлелді құжаттар көрсетілмеді. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-8</i>	П. 4 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

3.	Алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуы мен жай-күйін тексеру, өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын есепке алу бойынша арнайы журнал жасалмаған. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-66</i>	П.7 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
4.	Ұйым басшыларының адамдар жаппай болатын объектілерде, жарты жылда кемінде 1 рет, еркін нысанда жүргізілетін жаттығулар журналында көрсете отырып, практикалық жаттығуларды жүзеге асырмаған. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-14</i>	П. 11 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
5.	Ғимараттағы автоматты өрт дабыл қаққыш қондырғысы жарамсыз күйде. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-6 және 71</i>	П. 29 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
6.	Ағаш конструкциялардың оттан қорғайтын өңделуінің жай-күйін тексеруді сынауларға хаттама жасаумен жүзеге асырылуы қажет. Алайда тексеріс барысында дәлелді құжаттар көрсетілмеді. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-22</i>	П. 38 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
7.	Жарамды және техникалық қызмет көрсетуден өткен алғашқы өрт сөндіру құралдарының талап етілетін санымен қамтамасыз етілмеген. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-6</i>	П. 51 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

8. Мектеп ғимараттарындағы күштік және жарықтандыру желісінің стационарлық жабдығы мен электр сымдарының жай-күйін тексеру, пайдалануға беру кезінде, өткізгіштердің, кабельдердің және жерге тұйықтау құрылғыларының окшаулау кедергісін сынау және өлшеу жасалмаған. Хаттамалары тексеру барысында көрсетілмеді. <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-87</i>	П. 81 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
9. Құжаттарды рәсімдей отырып, объектінің білікті мамандары немесе тоғы әлсіз жабдықпен жұмыс саласындағы ұйымдар уақтылы техникалық қызмет көрсету, куәландыру және жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізу жолымен өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жұмысқа қабілетті күйде ұстау <i>Негізі: «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Т-64 және 65</i>	П. 120 Санатына, мақсатына және түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

7. Тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы:

Арыс ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты С. Оспан

8. Тексерілетін субъект өкілінің, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартуы:

9. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар:

қосымша " " парақта
2023 жылғы " 17 " 03

Тексеру нәтижелері туралы актіні тапсыру туралы мәліметтер

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 152-бабының 7-тармағына сәйкес қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіні және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы өзіне тапсырған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) тексеру арқылы профилактикалық бақылау жүргізген бақылау және қадағалау органына жүгінуге құқылы, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бақылау және қадағалау субъектісі өтініште анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген бақылау және қадағалау органы өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште баяндалған дәлелдерді ескере отырып, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.